



ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ ♦ ФИЛОСОФИЯ, ПОЛИТОЛОГИЯ,  
СОЦИОЛОГИЯ

Мұсаева Н.Р.,  
Кенжеев А.А.

**ҚАЙҒЫНЫҢ ЖАСАМПАЗДЫҚ  
ҚУАТЫ**

*Статья посвящена философскому анализу такой категории человеческого существования, как «печаль» в контексте жизни и творчества Асана-Қайғы (Асана-Печальника). Проводится мысль о том, что печаль есть непреходящий атрибут жизни человека, без которого жизнь теряет свой смысл. Также предпринимается попытка рассмотреть печаль в связи с такими категориями человеческого существования, как «любовь», «творчество».*

*The article is devoted to the philosophical analysis such category of human being, as "sorrow" in the context of, life and creation work of Asan-kaigy (Asan sufferer). It is thought that the sorrow is an indispensable attribute of human life, without also the sorrow is considered in connection with such category of human being as "love", "creation".*

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтіп күн көрер?!  
Аяғы жоқ, қолы жоқ,

Жылан қайтіп күн көрер?!», - деп келетін баяғы жұп-жұмыр, төгілген, әдемі жыр жолдарын оқи отырып, әрбір сөзіне мән бере, көңіл аударған адамға табиғаттағы осынау жаратылысынан әлсіз тіршілік иелеріне аяушылықпен, жанашырлықпен, бүкіл жан дүниесімен күйзеле қарап, солар үшін шыбын жаны шыркырап, оларды тығырықтан алып шығар саңылау іздеп, қияндарға шарқ ұрып, жол таба алмай, ақыры, бір кезеңдерде өз-өзінен әрі сұрақ қоя, әрі таң қала, кімнен сұрап, кімнен жауап алып жатқаны белгісіз «бір дауыстын» алыстан, әрбір сөзін жеке-жеке, үзік-үзік күйінде баяу толғаған күбірі құлаққа естілгендей ме, қалай; жоқ, әлдебір ғайыптан мұнды сарынды күңірене ойнаған қобыз үні келетіндей ме? Әйтеуір қалай болғанда да осы бір шумақтың адамды бей-жай қалдырмай қоймайтыны сөзсіз.

Ендеше, осынау философиялық мәні зор, арғы жағы немен бітері белгісіз, түпсіз жұмбақ толғаудың авторын осыншалықты күйге түсірген нендей күш, қандай сикыр екен?!...

Осылай жұмбақтап жырлаған Сәбитұлы Асан атанын «Қайғы» аталуына не себеп болғанына өзімізше болжам жасап, біршама тоқталып өтейік.

«Қайғы» ұғымын философиялық тұрғыда талдайтын болсақ, қайғыны біз – қайғы күйінде қабылдамауымыз керек. Өйткені қайғы – тек адамзатқа ғана тән философиялық категория. Бір сөзбен айтар болсақ, қайғы – адамдықтың өлшемі. Абайша айтсақ «қайғырмаған адамшылдық емес», және де қазақ философиясында Дулат Бабатайұлының айтқан сөзі бар:

«Елін баққан ер болмақ,  
Алыстан болжап жер шолмақ.  
Аузын баққан би болмақ,  
Алыстан шолып, кен толғап».

Қазақ ұғымында адам болудың бір-ақ жолы бар. Ол – елді бағу. Атанын ұлы болмай, елдің, халықтың ұлы болып, елдің мұраты жолында өз басыңды құрбан ету. Ал кемелдікке жетіп, ел алғысын алған адамды халқымыз «Ер» деп атаған. Асан Қайғының қайғысы – елдік мұрат және соған адал болуы. Асанның осы деңгейге көтерілуі де сол елдік мұраттың арқасы. Осыдан келіп, Асан Қайғы образы халқына бақыт, жерұйық іздеуші болып қалыптасады:

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтіп күн көрер?!



Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Жылан қайтіп күн көрер?!  
Жалан аяқ, балапан,  
Қаздар қайтіп күн көрер?!  
Шыбын шықса жазды күн,

Таздар қайтіп күн көрер?!», - деп келетін осы шумақтардан терең философиялық ой-толғамды, адамға ғана емес, барша тіршілік иелеріне, табиғатқа аяушылықпен қарау керек екенін түсінуге болады.

Бұл жолдардан әлемдік қасіреттің лебі еседі, тіршіліктің оңай еместігі және өмірдің бұралған жолдары жайлы сыр шертіледі. Сонымен қатар, тіршілік иесі, әсіресе адам баласы қайырымдылыққа мұқтаж екенін көрсетеді.

Жалпы, қайғыру да әр алуан және көпжақты. Қазақтың «қара ешкіге жан қайғы, иесіне нан қайғы» дегеніндей, жан қайғысы, мал қайғысы деген қайғының түрлері болады. Мал қайғысы бұл тек құлқынның құлы болғандардың ғана үлесіндегі нәрсе. Олар күнделікті күйбен тіршіліктен асып кете алмайды, жесем, ішсем, бай болсам, сөйтіп тапқан малын енді қалай сақтасам деп ұры-қарыдан түн ұйқысы төрт бөлініп қайғырады (Абай).

Ал, жан қайғысына махабатты жатқызуға болады. Махабат, біріншіден, өте кең көлемді философиялық категория. Ол адамның жүрегінің түкпірінде ұялаған, өзіне беймәлім дүниелерден, атап айтар болсақ: қалау, ұнату, аңсау, сағыну, ынтықтық, ғашықтық, сүйіспеншілік сияқты т.б. көптеген бірінен-бірі туындап отыратын сезімдерді бір арнада ұшырастырған ұғым. Ол – адамның (екінің бірі емес, «сезімді сезіне білетін – «жүректі») - өмір сүруі барысында еркінен тыс басынан кешіретін, жақсы көру сезімдерінің шыңы. Махабат адамның санасына, ерік-жігеріне тәуелсіз, тек жүректің өміріне ғана бағынатын құбылыс деуге де болады.

Адам жанының қалауларынан туындаған махабат сезімі әртүрлі нысандарға бағыттталып, өрістеп отырады. Оларды негізгі топтарға бөліп, мысал келтірер болсақ: мәселен, ең жоғарғы күш – Жаратушыға деген махабат, Ата-Анаға деген махабат, тіршілікке, өмірге деген махабат, табиғатқа деген махабат, адамзатқа деген махабат, Отанға, туған елге, жерге деген махабат, адамның өз-өзіне деген махабаты, ұлтына, ана тіліне, дініне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген махабаты, досына деген махабаты, сүйгеніне деген, өмірлік жан-жары мен баласына, ұрпағына деген махабаты, өнерге, мамандық пен кәсіпке деген махабаты т.б. Ғашықтық адамның өзінен, өз өмірінен махабатты жоғары қоюды талап етеді.

Нағыз, шынайы махабат деп – нәпсінін жетегіндегі құмарлық пен пайдакүнемдіктен, жасандылық пен арам пиғылдан ада, тек қана арға жүгінетін, адалдық пен әділдікке бас иіп, барша бітім-болмысымен өзінің қалаулысына (мейлі ол Отаны болсын, жері болсын, досы мен сүйген жары болсын немесе өнер болсын, кәсіп болсын т.б.) деген риясыз таза сезімімен, соның бақыты үшін күресуді өзінің қалтқысыз міндеті, борышы деп білетін жанның махабатын айтуға болады.

Екіншіден, махабат адамды қайғыруға алып келетін немесе итермелейтін бірден-бір күш.

«Қайғысыз қайран жүрек зарламайды,  
Шын ғашық бірін-бірі алдамайды.  
Қара тас ұйқын келсе мамық болар,  
Махабат сұлулықты таңдамайды» - дейді Абай.

Яғни, қайғысыз, мұңсыз махабат жоқ, ондай махабат болуы да мүмкін емес. Махабат дертіне шалдыққан жан міндетті түрде сағынып-сарғайып, сүйгені үшін алаңдайды, жаны жай таппай, «Мен болмасам болмайын, сол аман ба?» (Мұқағали) деп, соның жолында өзін құрбан етуге де даяр тұрады.

Жалпы, қайғының аталуы жаман болғанымен, тағы да қайталап айтайық, табиғаты адамзатқа ғана арналған. Қайғырмаған адам мал сияқты жайылып, ештеңемен жұмысы жоқ, жүре береді. Ал басына қайғы түскен адам байыз тауып, бір орнында отыра алмайды, қалай болғанда да бір жолын тауып, жанын мазалаған нәрсенің шешімін таппай қоймайды, немесе қайғыдан құса болып, мерт болады. Яғни, бұдан шығатын қорытынды, ӨМІР басына қайғы мен мұң түскен жаннан сабырлық пен төзімділікті, шыдамдылық пен табандылықты, болмыстың өзгермелілігі мен өтпелілігін көре білетін «көзді», рухани тереңдікті қажет етеді. Сондай адам ғана өмір жолында кездесетін қиыншылықтардан, кедергілер мен сындардан мойымай, керісінше ширыға да шыңдала жүріп, оған қасқая қарсы тұрмақ.

Бір жағынан алғанда қайғыны шығармашылықтың негізі деп атауға болады. Сондықтан болар, Ф.Ницше: «ақиқатқа тез апаратын жолдың бірі - қайғы» дейді.



Қайғымен туыстас, тең ұғым бар, ол – шер. Қайғысыз, яки шерсіз адам – адам емес. Ондай адамдар болмыстың сырына бойлай алмайды. Қайғы ғана адамды болмыстың тереңіне қарай сүнгітеді. Мартин Хайдеггер адамға өз болмысына үнілуді ұсынады. Қалай? Бұған тағы да сол Хайдеггердің өз сөзімен жауап беріп көрейік: «Тіл – болмыстың, ақиқаттың үйі» дейді. Яғни, «Мен кіммін?», «Менің өмірімнің мәні неде?», «Мен кім үшін немесе не үшін өмір сүруім керек?» және т.б. осының бәрі сөз арқылы беріледі. Енді осы жерде немістін қалада туып-өскен оқымысты-данышпанының одан төрт-бес ғасыр бұрын сахарда өмір сүріп, артына ешқандай кітап жазып қалдырмай-ақ, желмаясымен желіп жүріп айтқан көшпелілердің данагөй-ақсақалының ойы бір жерден шығып жатқанына таң қалмасқа бола ма?!

Асан Қайғы да өзінің өмірге, тіршілік иелеріне деген ойларын, адамға болмыстың сан қатпарларына сүнгіп, өмірге ойлы да ақылды көзбен қарау керектігін сөз маржандары арқылы ұсынады:

«Таза мінсіз асыл тас,  
Су түбінде жатады.  
Таза мінсіз асыл сөз,  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан тас,  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз,  
Шер толқытса шығады».

Яғни, су түбіндегі тастың тек қана толқындатқан жел арқылы шығатыны секілді, ой тұңғығындағы сөз де борандатқан, дауылдатқан, шемен боп қатқан шердің буырқана көтерілуінен шығатыны айтылады.

Бұл жердегі сөз, енді жай ғана сөз емес, ол – ащы шындық, адамның «жан айқайы» әшкерелеп берген ақиқат болып табылады.

Біздің өз тарихи мұрамыз – даналық (сөз өнері, саз өнері, мәдениет, салт-дәстүрлеріміз т.б.) шаң басқан алтын қазына, көмүлі жатқан көмбе іспеттес десек қателеспейтін шығармыз. Осы күнгі көркейіп, әлемге танылып жатқан төл мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, жалпы ауыз әдебиеті мен жазба өнерінің, даналарымыздан мұра боп қалған философиялық ой-толғамдар мен көркем дүниелеріміздің бастамасы мен алғашқы кірпіштерін қалауға сонау тамыры тереңде жатқан жыраулар поэзиясының қосқан үлесінің бары даусыз. Сол жыраулық дәстүрдің басында тұрған, Өз-Жәнібек пен Керейдей хандарға кеңес беріп, қазақ хандығының қалыптасуы үшін ерен еңбек еткен, қайраткер Асан Қайғының айтып кеткен данышпандық ойларының қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамып, керісінше, рухани дүниенің жұтан тартып бара жатқан ғасырында өзінің мәні мен маңызын арттыра түскендігі мәлім.

Ш.Уәлихановтың сөзімен айтсақ: «Асан Қайғы – көшпелілер философы». Өмір бойы сахарда тіршілік еткен көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, рухани мәдениетінің тереңдігін, даналық, мейірбандылық, ізгілік келбетін, саяси-әлеуметтік жағдайын, әлем, табиғат, адамзат тағдыры туралы ойлау ерекшеліктерін, жер-су жайлы болжамдары мен көрегендігін өмірлік тәжірибе арқылы аса мол жинақтаған, көкірегіне сиғызған, желмаясына мініп елі үшін қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған «Жерұйықты» іздеп жүрген ақ сақалды, кеменгер-жырау Асан Қайғы осы бейнесімен өз халқының жадында ғасырлар бойы жасап келді және жасай берері сөзсіз!

#### *Әдебиеттер:*

1. Абай. Шығармалар жинағы. Екі томдық. – Алматы, 1991
2. Мағауин М. Ғасырлар бедері. - Алматы, 1991.